

2022-2023 оқу жылында I тоқсан бойынша жиынтық бағалау өткізудің жоспары

Пән: қазақ тілі

Сынып: 5а

Тоқсан	Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тақырыптары	Өткізілетін күні	Бағалауды өткізу түрі. БЖБ мак.баллы	Жиынтық бағалау рәсімдерінің орындалу ұзақтығы	Мерзімі		Ескерту
						құрастыру	сараптама	
I тоқсан	5а	БЖБ №1 Мәдениет: тіл және қарым қатынас	20.09.2021ж	2 тапсырма түрінде 7 балл	20 мин	13.09.2021ж	17.09.2021ж	
		БЖБ №2 Киім. Сән. Талғам. Фонетика	20.10.2021ж	3 тапсырма түрінде 8 балл	20 мин	12.10.2021ж	16.10.2021ж	
		ТЖБ №2 Мәдениет: тіл және қарым қатынас/	23.10.2021ж	4 тапсырма түрінде 30 балл	45 мин	10.10.2021ж	21.10.2021ж	

1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар
Бөлім «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас»
I нұсқа

Оқу мақсаты: 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру;
5.4.1.1. қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу.

Бағалау критерийі: *Білім алушы*
✓ Мазмұнға сәйкес көтерілген мәселеге қатысты сұрақтарға жауап беру арқылы ой-пікірін білдіреді;
✓ Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді ажыратады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Орындау уақыты: 20 минут

Тапсырма

1. Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз. «Төрт сөйлем» әдісі бойынша көтерілген мәселеге ойыңызды білдіріңіз.

1-мәтін бойынша сұрақтар:

- а) Тілдің адам өміріндегі маңызы қандай?*
- ә) Мемлекеттік тілді қалай дамытуға болады?*

2-мәтін бойынша сұрақтар:

- а) Қазақ тілінің тиімділігі мен ерекшелігі неде?*
- ә) Қазақтардың тілдік қоры қалай дамыған?*

«Төрт сөйлем» әдісі

- а) Менің ойымша, ...*
- ә) Себебі*
- б) Мысалдар мен дәлел келтіру*
- в) Қорытынды ой*

2. Берілген мәтіннен айтылуы мен жазылуында ерекшелігі бар сөздерді анықтаңыздар.

1-мәтін

Тіл мәртебесі – ел мерейі

Біздің қазақ халқының тілі айтылуға орамды, өте бай көркем тіл. Тіл – адамзаттың барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық қарым-қатынасының, іс-әрекетінің құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің

басты борыштарымыздың бірі. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Еліміздің тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы тілі мен психологиясына оның өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен маңыз алып отыр. Соңғы кезде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның өркен жайып дамуына ықпал ететін басты-басты қадамдар жасалуда.

Тілді оқып-үйренуді барынша жоғары деңгейге көтеру қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тіл туралы талап міндеттерінде «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген болатын. Бұл - әр қазақстандықтың кастерлі парызы. (138 сөз)

<http://makala.kz>

2-мәтін

ОҒЫЗ ДОҒАН: Түркі бірлігінің ұйытқысы – қазақ тілі

– Сіз қазақ тілін зерттеп жүрсіз және қазақ тілі туралы диссертация қорғадыңыз. Қазақ тілін игеруді қалай бастадыңыз?

– Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең бай тілдер қатарында. Қазақтар көшпелі халық болғанымен, ауыз әдебиеті мен аңыз-әңгіме, жыр-дастандары атадан балаға ауызша айтылып, тілдік қоры ерекше дамыған. Әрқашан да түрік жастарына «үйренуге тиісті тілдердің бірі – қазақ тілі», – деп айтып жүремін. Біріншіден, қазақ тілінің сөздік қоры өте бай, екіншіден кез келген ойды, эмоцияны, сезімді жеткізуге өте тиімді. Меніңше, барша түркі халықтары қазақ тілін мойындауы тиіс. Өзім Мағжан Жұмабаевты рухани көсем деп есептеймін. Ол кісінің «Қазақ тілі» деген өлеңінің соңында: «...Таралған түрік балаларын бауырыңа, Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен тілім...» – дейді. Мағжанның бұл өлеңі өз елі отарланып, өз басы тұтқынға түскен ақынның қазақ тілінің болашағына қарата айтқан сөзі еді. Жан-жаққа тарап кеткен түрік балаларын: «Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен тілім», – дейді. Сондықтан келешекте түркі халықтарының басын қосатын қазақ тілі екеніне кәміл сенемін. (133 сөз)

Сұхбаттасқан Жәнібек Ғалым
<https://turkystan.kz/>

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	

Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап беру арқылы ой-пікірін білдіреді.	1	Сұрақтарға жауап береді;	1
		Өз ойын білдіреді;	1
		Себебін айтады;	1
		Дәлел келтіреді;	1
		Ойын қорытындылайды.	1
Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді ажыратады.	2	Үндестік заңын, дыбыстардың жүйесін біледі;	1
		Орфографиялық, орфоэпиялық норманы ескереді.	1
Барлығы			7

**«Мәдениет: тіл және қарым-қатынас» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мазмұнға қатысты көтерілген мәселеге сұраққа жауап беру арқылы ой-пікірін білдіреді.	Мазмұнға қатысты көтерілген мәселеге сұраққа жауап беру арқылы пікірін білдіруде қиналады. <input type="checkbox"/>	Мазмұнға қатысты көтерілген мәселеге сұраққа жауап беру арқылы өз пікірін білдіруде қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мазмұнға қатысты көтерілген мәселеге сұраққа жауап беру арқылы жеке пікірін білдіреді. <input type="checkbox"/>
Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді ажыратады.	Үндестік заңын, дыбыстардың жүйесін ескеріп, айтылуы мен жазылуында айырмашылықтары бар сөздерді ажыратуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Үндестік заңын, дыбыстардың жүйесін ескеріп, айтылуы мен жазылуында айырмашылықтары бар сөздерді ажыратуда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Үндестік заңын, дыбыстардың жүйесін ескеріп, айтылуы мен жазылуында айырмашылықтары бар сөздерді ажыратады. <input type="checkbox"/>

«Киім. Сән. Талғам. Фонетика», «Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер. Лексика» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау

I нұсқа

Оқу мақсаты: 5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру;
5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау.

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- ✓ Мәтіннің жалпы мазмұны мен нақты ақпараттарға сүйене отырып сұрақтар құрастырады;
- ✓ Мәтіндегі орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөздер мен сөз тіркестерін анықтайды;
- ✓ Анықталған қателерді сөздіктерге сүйеніп, түзетеді.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Қолдану

Орындау уақыты: 20 минут

Тапсырма

1. Берілген сұрау есімдіктерін қатыстыра отырып, мәтін мазмұнын түсінуге 2 сұрақ, нақты ақпаратты анықтауға бағытталған 3 сұрақ құрастырыңыз.

Кім?	
Не?	
Қандай?	
Неге?	
Қалай?	

Мәтін

«Берік Исмаилов» сән үйінің сәнгері - Аяулы Дәменовамен сұхбат.

Тілші:

– *Сән дегеніміз - киім кию мәдениеті, өмірдің әр түрлі ортасында жеке талғамның уақытша үстемдік етуі деп жатамыз. Келісесіз бе? Өзіңіздің кәсіби сәнгер ретінде киім кию мәдениеті туралы ойыңызды айта аласыз ба?*

Сәнгер:

– Жалпы киім ұғымы адамдардың қоғамдық жағдайларға және уақытқа сәйкес сұлулық туралы белгілі бір ұғымын бейнелейтін сәнмен (мода) тығыз байланыста болады. Қоғам дамыған сайын бұл көзқарастар өзгереді, яғни әрдайым жаңарып отырады. Киімді әркім өз бетінше таңдайды, таңдау барысында адам жеке талғамы мен сән ағымына сүйенеді. Жақсы киіне білу де өнер. Киім таңдаудағы жақсы талғамды білдіретін кең тараған анықтамалардың бірі әдемілік, сәнділік. Сәнділік ұғымы ең алдымен киім түсімен сәніне қарай дұрыс құрай білуге тікелей байланысты, киімге деген талғампаздық адамның өзіне сын көзбен қарай алатынының белгісі болып табылады. Қысқаша айтқанда, сән, мода әрдайым өзгеріс үстінде болғандықтан оны қуып жету мүмкін емес, сондықтан адам өзіне қонымды, жарасатын киім үлгісін таңдап сән ағымымен ұштастыра білсе, ешқашан ұтылмайды деп ойлаймын. (147 сөз)

<https://massaget.kz>

**«Киім. Сән. Талғам. Фонетика», «Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер. Лексика» бөлімі бойынша
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің жалпы мазмұны мен нақты ақпараттарға қатыстыра отырып сұрақтар құрастырады.	Мәтіннің жалпы мазмұны мен нақты ақпараттарға қатысты сұрақтар құрастыруда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің жалпы мазмұны мен нақты ақпараттарға қатысты сұрақтар құрастыруда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің жалпы мазмұны мен нақты ақпараттарға қатысты сұрақтар құрастырады. <input type="checkbox"/>
Мәтіндегі орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөздер мен сөз тіркестерін анықтап, сөздіктерге сүйеніп түзетеді.	Мәтіндегі орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөздер мен сөз тіркестерін анықтап, сөздіктерге сүйеніп түзетуде қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөздер мен сөз тіркестерін анықтап, сөздіктерге сүйеніп түзетуде қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіндегі орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөздер мен сөз тіркестерін анықтап, сөздіктерге сүйеніп түзетеді. <input type="checkbox"/>

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы: 40 минут

(уақыт оқылым мен жазылым жұмысына арналған. Тыңдалым мен айтылым сабақтан тыс, қосымша уақытта өткізіледі)

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 25 минут

Балл саны: 30

Тапсырмалар түрлері:

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар.

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы:

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 компоненттен тұрады: біріншісі – тыңдалым мен айтылым, екіншісі – оқылым, үшіншісі – жазылым және әдеби тіл нормаларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Тапсырма түрлері	*Тапсырма сипаттамасы	*Орындау уақыты, минут	Балл
1	5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, жарнама) көтерілген мәселені түсіндіру.	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар ән мәтінін тыңдайды. Оқушылар мәтінді тыңдау барысында тақырыпқа қатысты көтерілген мәселені түсіндіреді. Ән мәтінінен мысалдар келтіре отырып, негізгі ойын анықтайды.	Тыңдалым мен айтылым сабақтан тыс, қосымша уақытта өткізіледі (әр білім алушыға 3-5 минут беріледі)	5 5
1	5.2.3.1 жарнама құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру.	Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	Оқушылар берілген мәтіндерді оқып, оларды өзара салыстырады. Кестеге сүйене отырып, мәтіндердің тақырыбы, қысқаша мазмұны, жанры мен тілдік қолданыстарына талдау жасайды.		10
1	5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, жарнама құрастырып жазу; 5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Оқушылар ұсынылған тақырыптардың бірін таңдап, жарнама жазады. Жазба жұмысында жарнаманың жанрлық ерекшеліктерді мен сауаттылық нормаларын сақтаулары тиіс.		10
Барлығы				40 минут	30

1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Мәдениет: тіл жіне қарым-қатынас. Фонетика
Киіну. Сән. Талғам. Фонетика
Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика

I нұсқа Тыңдалым мен айтылым

Тапсырма

Руслан Мамытовтың орындауындағы «Жаса, қазағым» әнін тыңдай отыра, көтерілген мәселені өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

[10]

Жаса, қазағым!
Жастарының жалыны бар,
Қарттарының қадірі бар,
Жақсылыққа жаны құмар,
Жаса, қазағым!
Тарихының тамыры бар,
Дәстүрінің тәлімі бар,
Сақ пен ғұнның сарыны бар,
Жаса, қазағым!

Қайырмасы:

Жаса, жаса қазақ тілім!
Жаса, жаса ғажап дінім!
Баянды боп, азат күнің,
Бағың таймасын!
Жаса, жаса рухты халқым!
Жаса, жаса құтты салтым!
Айдан асып мықты даңқың,
Жаның жайнасын!

Көсемдері кесім берген,
Керуен тартып, көшін керген,
Төрт түлігі төсінде өрген,
Жаса, қазағым!
Ту көтеріп, тұлпар мінген,
Саят құрып, сұңқарды ілген,
Күй төгіп, ән шырқап жүрген,
Жаса, қазағым!

(83 сөз)

[\(https://text-pesni.com/\)](https://text-pesni.com/)

Оқылым

Тапсырма

Мәтіндердің жанры мен стилін анықтаңыз. Олардың мазмұнын, тақырыбы мен тілдік құралдарын салыстырыңыз.

[10]

А мәтіні

Қазір қыстың соңғы айы. Барлық дүкендерде қысқы киімдерге көптеген жоғары мөлшерде жеңілдіктер жүріп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла» дегендей, қол боста дүкендерді аралап, қажетті заттарды алуға болады. Мысалы, әлі бір-екі маусым пайдалануға болатын оверсайз пальтоларды, классикалық стильдегі костюмдерді, тоқыма свитерлерді, етік, сәмке, былғары қолғаптарды алып қойсаңыз, келесі қыста сөзсіз қызығын көресіз. Классикалық стильдегі костюмдер ешқашан сәннен түспейді. Сондықтан жеңілдікті пайдаланып, өзіңізге жарасатын бір-екеуін алып қойғаныңыз артық болмас. Сіз үшін тек ең жақсысы!

Мекен-жайымыз: Алматы қаласы, «MEGA» сауда үйі. Жұмыс уақыты: 9:00-17:00

Ә мәтіні

Сәлем, жас дос! «English START» ағылшын тілін қысқа мерзімде кәсіби үйренуге көмектесетін үздік сайт болып табылады. Біз онлайн ағылшын курсы бастағалы отырмыз. Курс тілді бастапқы деңгейден меңгеремін деуші кісілерге арналған.

Ағылшын тілін қысқа мерзімде сапалы үйренемін деушілерге, шет елге оқуға түсемін деушілерге арналған канал. Бұл сайтта ағылшынша сөздер, бейнематериалдар, инфографика, қызықты деректер мен көптеген тақырыптық материалдар жарияланып тұрады. Бейнересурстар ағылшын тілін ойын түрінде жеңіл формада үйретеді. Түрлі тіркестер арқылы жаңа сөздер үйреніп, мәтіндерді оқып жаттығасыз. Бұл – ағылшын тілінде қатесіз жазуды үйрететін және ағылшын грамматикасын терең түсінуге таптырмайтын мүмкіндік.

Байланыс нөмірі: 87472654540

А мәтіні	Ә мәтіні
Тақырыбы	
Қысқаша мазмұны	
Қандай жанр? Неліктен? Себебін түсіндіріңіз.	
Жанрға тән қандай сөздер қолданылған?	

Жазылым

Берілген тақырыптардың бірін таңдап, жарнама жазыңыз. Жарнаманың жанрлық ерекшелігін сақтаңыз, сөздердің орфографиялық нормаға сай жазылуын назарда ұстаңыз.

[10]

- 1) Өзіңізді қосымша білім беру орталығының басшысы ретінде елестетіңіз. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйренудің қажеттілігіне баса назар аудара отырып, орталығыңызды жарнамалаңыз.
- 2) Ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдар сататын дүкен иесі ретінде тұтынушылардың қызығушылығын оятатындай жарнама мәтінін ойластырыңыз.
- 3) Қазақ халқының ұлттық сусыны қымызды насихаттайтын жарнамалық роликке жарнамалық мәтін жазыңыз.

Балл қою кестесі

Тыңдалым мен айтылым

Балл	Коммуникативтік құзыреттілік	Грамматикалық құзыреттілік
5	Мәтінде көтерілген мәселені терең түсінгендігін көрсетеді. Өз пікірін ұтымды жеткізеді. Дәйектемелері көзқарасын дәлелдеуде өте дәл, нақты.	Ойын аяқталған, толық сөйлемдермен жеткізеді. Сөздік қоры мол. Сөздік қайталаулар кездеспейді.
4	Мәтінде көтерілген мәселені жақсы түсінгендігін көрсетеді. Өз пікірін жақсы жеткізеді. Дәйектемелері көзқарасын дәлелдеуде орынды.	Ойын аяқталған, толық сөйлемдермен жеткізеді. Сөздік қоры жеткілікті. Сөздік қайталаулар аздап кездеседі.
3	Мәтінде көтерілген мәселені қанағаттанарлық деңгейде түсінгендігін көрсетеді. Өз пікірін жеткізе алады. Дәйектемелері көзқарасын дәлелдеуде үнемі орынды бола бермейді, кейде негізгі мәселеге қатыссыз пайымдаулар кездеседі.	Ойын кейде аяқталған, аракідік синтаксистік құрылымы сақталмаған сөйлемдермен жеткізеді. Сөздік қоры қанағаттанарлық. Сөздік қайталаулар кездеседі.
2	Мәтінде көтерілген мәселені шектеулі деңгейде түсінгендігін көрсетеді. Өз пікірін қолдауды қажет етеді. Көзқарасын дәлелдейтін дәйектемелері сирек, көбіне жалпылыққа ұрынады.	Ойын көп жағдайда аяқтамайды, жай сөйлемдерді, қарапайым синтаксистік құрылымдарды қолданады. Сөздік қоры күнделікті ауызекі лексикадан тұрады.
1	Мәтінде көтерілген мәселені түсінуі өте шектеулі. Ақпаратқа қатысты жеке көзқарасы мен пікірі жоқ, көбінесе, дайын	Ойын аяқтамайды, қарапайым синтаксистік құрылымдармен шектеледі. Ойы жүйесіз, сөйлемдері байланыспайды. Сөздік

ақпаратты қайталап беру деңгейінде. Себебін түсіндіруі аз.	қайталаулар негізгі лексикадан басым.
--	---------------------------------------

Оқылым

Балл	Мәтінді талдау
9-10	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын өте жақсы түсініп талдайды.
7-8	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын жақсы түсініп талдайды.
5-6	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын қанағаттанарлық деңгейде түсініп талдайды.
3-4	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын шектеулі түсінеді, талдауға талпыныс жасайды.
1-2	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын өте шектеулі деңгейде түсінеді.
0	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын түсінбейді.

Жазылым

Балл	Сипаттамасы
9-10	Тақырыптың мазмұнын толық ашады. Тілдік бірліктер мен лексикалық құрылымдарды жарнаманың жанрлық ерекшелігіне сәйкес орынды қолданады. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан өте сауатты. Орфографиялық номаны ұстанады. Қателері жоқ.
7-8	Тақырыптың мазмұнын толық ашады. Тілдік бірліктер мен лексикалық құрылымдарды жарнаманың жанрлық ерекшелігіне сәйкес қолданады. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан сауатты, бірақ 1-2 ұсақ қате кездеседі.
5-6	Тақырыптың мазмұнын ашуы жеткіліксіз. Тілдік бірліктер мен лексикалық құрылымдарды жарнаманың жанрлық ерекшелігіне сәйкес қолданауға тырысатыны байқалады. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 2-3 ұсақ және ірі қателер кездеседі.
3-4	Тақырыптың мазмұнын ашуы шектеулі. Тілдік бірліктер мен лексикалық құрылымдарды жарнаманың жанрлық талаптарына сәйкес келе бермейді. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 4-5 ұсақ және ірі қателер кездеседі.
1-2	Тақырыптың мазмұнын ашпайды. Жарнаманың жанрлық ерекшелігіне сәйкес тілдік құралдарды қолданбайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан алтыдан көп ұсақ және ірі қателер кездеседі.

ЖШС «Туған мектебі»-нің

Жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау туралы мәліметтер

I тоқсан казак тілі пәні бойынша

Сынып: 5Б

Оқушылар саны: 25

Педагог: Аккозова Гулнар Сабыржановна

Мақсаты: Жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау жүргізу

БЖБ және ГЖБ нәтижелерін талдау

Пән	Орындаған оқушы	Макс балл	ЖБ балдарының пайыздық мазмұны				Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жақсы	жоғары		
			0-39%	40-64%	65%-84%	85-100%		
Оқушылар саны :								
БЖБ 1	25	10	0-3 балл	4-5 балл	6 балл	7-8 балл	48%	100%
			0	13	4	8		
БЖБ 2	25	10	0-3 балл	4-5 балл	6 балл	7-8 балл	48%	100%
			0	13	4	8		
ГЖБ	25	20	0-6 балл	7-10 балл	11-13 балл	14-16 балл	48%	100%
			0	13	4	8		

	Қол жеткізілген мақсаттар	Қиындық тудырған мақсаттар
БЖБ 1	Дыбыстық талдауды жақсы меңгерді. Тақырыпқа қатысты мәселені анықтай алады.	Жанрлар мен стильдерді ажыратуда киналады.
БЖБ 2	Сөйлеу кезінде ойын жүйелі жеткізеді. Үндестік заңын талдайды, орфографиялық нормаға сай жазуды жақсы меңгерді.	Көркемдеуін құралдарды қолданғанда киналады.
ГЖБ	Дыбыстық заңдылықтар, үндестік заңын, орфографиялық нормаға сай жазу, пунктуацияны меңгере алды. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды ажырата алады.	Мәтін құрғанда киналады. Ойын аяқтамайды, қарапайым синтаксистік құрылымдармен шектеледі.

1. БЖБ және ГЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың көпесі білім деңгейін көрсетті: Жоғары (В): 85-100%, жақсы (С): 65-84%, орта (D): 40-64%, төмен (H): 0-39%

Жоғары (В) 85-100%	Жақсы (С) 65-84%	Орта (D) 40-64%	Төмен (H) 0-39%
Әлібек Айзере Дауренбекқызы Акмар	Байгуттинева Жанару Болеген Ажар	Аббас Дамир Алицях Мирас	

Ерлан Райан Жадигер Ерке Қасым Инжу Сарсенбай инжу	Пердебай Алдияр	Байзакова Бибфат Болат Жанболат Жарылқасын Ринат Кенесбек Рамазан	
---	-----------------	--	--

1. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға туындаған қиындықтар тізбесі: __

- Тірек сөздерді қатыстырып мәтін құрастыру;
- Кейбір оқушылардың тыныс белгілерді қоя алмауы;
- Жоспар бойынша шығарма жазу

2. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға аталған қиындықтардың себептері:

- Балалардың тіл байлықтарының аздығы
- есте сақтау қабілеттерінің төмендігі (кейбір білім алушыларда)

3. Жоспарланған түзету жұмысы: _

- білім алушылармен ертегі кітаптар оқу,
- мәтінді оқып, мазмұнын айтып үйрену.
- Тірек сөздермен байланыстырып мәтін құрауды дамыту.

Қорытынды.

Білім алушылар алған білімдерін көрсете білді. Берілген оқу мақсаттарына қол жеткізді.
Орта балл алған оқушылар: Аббас Дамир, Жарылқасын Ринат.

Білім сапасы 56,94 %, үлгерім 100 % құрайды

Күні: 31.10.2022ж

Педагог: Аккозова Г.

